

Бұйрық № 19

29.08.2025

«2025–2026 оқу жылына педагогикалық кеңес құрамын бекіту туралы»

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына, мектепке дейінгі ұйым Жарғысына сәйкес оқу-тәрбие процесін сапалы ұйымдастыру, педагогтердің кәсіби қызметін үйлестіру, білім беру қызметінің тиімділігін арттыру, тәрбиеленушілердің жан-жақты дамуын қамтамасыз ету және педагогикалық кеңестің жұмысын жүйелі жүргізу мақсатында

БҰЙЫРАМЫН:

1. 2025–2026 оқу жылына арналған педагогикалық кеңестің келесі құрамы бекітілсін:

Педагогикалық кеңестің төрағасы:

А.Е.Мергенбаева – бөбекжай меңгерушісі.

Педагогикалық кеңестің хатшысы:

А.Е.Есниязова-тәрбиеші.

Педагогикалық кеңестің мүшелері:

Бөбекжай педагог қызметкерлері.

2. Педагогикалық кеңестің негізгі міндеттері:

2.1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарының орындалуын қамтамасыз ету.

2.2. Ұйымның жылдық жоспарын, білім беру бағдарламаларын, жұмыс жоспарларын қарау және бекітуге ұсыну.

2.3. Тәрбие-білім беру процесінің сапасына талдау жүргізу және оны жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізу.

2.4. Педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру, инновациялық педагогикалық технологияларды енгізу мәселелерін қарастыру.

2.5. Балалардың білім, білік және дағдыларын қалыптастыру нәтижелерін талдау.

2.6. Тәрбиеленушілердің денсаулығын сақтау және нығайту, қауіпсіз орта құру мәселелерін қарастыру.

2.7. Ата-аналармен (заңды өкілдермен) өзара іс-қимылды жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу.

2.8. Озық педагогикалық тәжірибені зерделеу, жинақтау және тарату жұмыстарын ұйымдастыру.

3. Педагогикалық кеңестің жұмыс тәртібі:

3.1. Педагогикалық кеңес жылдық жоспарға сәйкес өз жұмысын жүргізсін.

3.2. Педагогикалық кеңестің отырыстары тоқсанына кемінде бір рет өткізілсін.

3.3. Қажет болған жағдайда кезектен тыс педагогикалық кеңес отырыстары ұйымдастырылсын.

3.4. Педагогикалық кеңестің шешімдері хаттамамен рәсімделіп, орындауға міндетті болып саналсын.

3.5. Педагогикалық кеңес отырыстарының хаттамаларын жүргізу және сақтау педагогикалық кеңес хатшысына жүктелсін.

4. Педагогикалық кеңес хатшысына:

4.1. Педагогикалық кеңес отырыстарының күн тәртібін әзірлеуді;

4.2. Хаттамалардың уақытылы рәсімделуін;

4.3. Қабылданған шешімдердің орындалуын бақылау мониторингін жүргізуді қамтамасыз ету тапсырылсын.

5. Әдіскерге:

5.1. Педагогикалық кеңес жұмысының жылдық жоспарын әзірлеуді;

5.2. Қаралатын мәселелер бойынша қажетті материалдарды дайындауды;

5.3. Педагогтердің әдістемелік қызметін үйлестіруді қамтамасыз ету жүктелсін.

6. Педагогикалық кеңестің барлық мүшелері:

6.1. Кеңес жұмысына белсенді қатыссын;

6.2. Қабылданған шешімдердің орындалуын қамтамасыз етсін;

6.3. Өз құзыреті шегінде оқу-тәрбие процесін жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізісін.

7. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау өзіме жүктелсін.

8. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

«Мариям А» бөбекжай меңгерушісі:



А.Е.Мергенбаева

ЖШС «Мариям А» «Мариям А» оқу жылына педагогикалық кеңес жоспары

Мақсаты: бағдарламалық міндеттерді меңгеру бойынша оқу-тәрбие әрекетін жақсартуға мүмкіндік жасау.

№	Жұмыс мазмұны	Уақыты	Жауаптылар
	Тақырыбы: Жаңа оқу жылына –жаңа дайындық /Бағдарлы/ Мақсаты: ҚР МЖМБС іске асыруда бөбекжайдың жаңа оқу жылына жылдық міндеттерін анықтау, тәрбиелеу- білім беру процесін ұйымдастыру жоспарларын нақтылау.	тамыз	
II	Педкеңестің тақырыбы: Тақырыбы: «Бөбекжайдағы шығармашылық орта – бала ойының еркіндігі» Мақсаты: Бөбекжайда шығармашылық орта қалыптастырып, балалардың ойлау қабілеті мен қиялын дамытып, олардың өзін-өзі еркін әрі сенімді білдіруіне жағдай жасау. Шығармашылық орта балалардың жан-жақты дамуына, өз ойын еркін жеткізуіне, жаңа идеялар тудыруға ықпал ету.	қараша қараша	
III	Педкеңестің тақырыбы: «Шығармашылық – баланың еркін ойлауы мен өзіндік көзқарасының негізі» Мақсаты: балаларға экологиялық тәрбие беруде бейнелеу өнеріне баулуда тәжірибе алмасу.	қаңтар	
IV	Педкеңестің тақырыбы: «Ұлттық құндылықтар арқылы баланың шығармашылық қабілетін дамыту» Мақсаты: оқу-тәрбие жұмысында заманауи технологияны қолдануда тәжірибе алмасу, ұлттық құндылықтарды білім беру мазмұнына кіріктіру арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қабілеттері мен танымдық белсенділігін дамытудың тиімді жолдарын айқындау.	Сәуір	Меңгеруші
V	Оқу – тәрбие жұмысының қорытындысы	мамыр	Меңгеруші

№1 педагогикалық кеңес хаттамасы

Күні: 28.08.2025 жыл

Қатысқандар: 9

Күн тәртібінде:

Тақырыбы: «Жаңа оқу жылына –жаңа дайындық»

1. 2025-2026 оқу жылының жазғы сауықтыру кезеңінде атқарылған жұмыс есебін тыңдау.

Меңгеруші: А.Е.Мергенбаева

2. 2025-2026 оқу жылында мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиелеу мен оқыту процесін ұйымдастыруда басшылыққа алынатын **нормативті-құқықтық құжаттары**

Меңгеруші: А.Е.Мергенбаева

3. Педагогикалық ұжымды 2025-2026 оқу жылына арналған бөбекжайдың жылдық жұмыс жоспарымен таныстыру.

Меңгеруші: А.Е.Мергенбаева

4. Бекіту:

- Педагогикалық кеңес құрамымен таныстыру;
- Топтарды бекіту бұйрығымен таныстыру;
- Ішкі ережемен таныстыру
- Шығармашылық топ мүшелерін таныстыру
- Еңбек өтілін санайтын мүшелі топ
- Техникалық қауіпсіздік нұсқаулықпен
- Бала өмірінің қауіпсіздік нұсқаулығы
- Әдістемелік кеңес мүшелерін бекіту
- Аттестаттаушы комиссия құрамымен таныстыру;
- ҮІӨ -нің кестесі; күн тәртібі
- Топтардың, жетекшілердің перспективалық жылдық жоспарлары;
- Отбасы ынтымақтастық жоспарларын бекіту;
- Мектеппен сабақтастық жоспарын талқылап бекіту;
- Орал спорт клубы және мектептен тыс жұмыс орталығымен сабақтастық жұмыстарымен таныстыру;

Меңгеруші: А.Е.Мергенбаева

Педагогикалық кеңестің шешімі.

Сөз алды:

«Мариям А» бөбекжай меңгерушісі: А.Е.Мергенбаева бөбекжай педагогтарын жаңа оқу жылымен құттықтады.

1.1-ші сұрақ бойынша бөбекжай меңгеруші А.Е.Мергенбаева жазғы сауықтыру – шынықтыру шараларының қорытындысы туралы айтып өтті.

Бөбекжайдың жазғы сауықтыру кезеңдегі жұмысының негізгі мақсаты - сауықтыру жұмысын ұйымдастыру және балалардың танымдық қызығушылықтарын, шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін неғұрлым тиімді жағдайлар жасау. Дәл осы маусымда балалар құрбыларымен араласудан көңілі көтеріліп, үлкен қуаныш пен әсерге бөленіп, өзіне қажетті жаңалықтарды ашады.

Бөбекжайда білім беру процесіне қатысушылардың барлығын қамтитын жазғы сауықтыру жұмысын сауатты ұйымдастыру балалардың физикалық және психикалық денсаулығын нығайтуға, олардың танымдық қызығушылықтарын дамытуға, сондай-ақ ата-аналарға қажетті кеңес беруге, әдістемелік көмек ұсынуға мүмкіндіктер берді.

Аталған мәселелерді сауатты ұйымдастыру оқыс жағдайлардың алдын алды.

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделінің міндеттері дені сау, білуге құмар, көпшіл, сын тұрғысынан ойлайтын балаларды қалыптастыру мен әлеуметтендіруді және қазіргі заманғы теорияларды ұлттық ерекшеліктермен үйлесімді ұштастыру негізінде баланы ерте дамыту процесінің тұтастығын қамтамасыз етуді қарастырды. Соның ішінде, рухани адамгершілік құндылықтар негізінде, ұлттық мәдениет пен дәстүр арқылы баланың жеке қасиеттерін қалыптастыру көзделді. Сондықтан жазғы сауықтыру шараларының аясында ұлттық ойындарға басымдық берілді және «ойын арқылы оқыту» қағидас негізге алынды.

Балаларды сауықтыру жүйесі мыналарды қамтыды: балалармен дене шынықтыру-сауықтыру жұмыстары (спорттық және қимыл-қозғалыс ойындары, музыкалық-ырғақтық қозғалыстар, шынығу, массаж кілемімен жүру және т. б.);

пайдалы тамақтану рационы (жемістер мен көкөністер және т. б.);

бала ағзасын шынықтыру (күн сәулесі, шөпте жалаң аяқ жүру, шомылу және т. б.); *балалар туризмі* (жаяу, велосипедпен), экскурсиялар, табиғатта серуендеу және т.б.). *мерекелік шаралар*; ата-аналармен сауықтыру-ағарту жұмыстары; профилактикалық іс-шаралар (сколиоз, жалпақ табан, көру қабілетінің бұзылуының алдын алуға арналған арнайы жаттығулар кешені).

№5 педагогикалық кеңестің күн тәртібінде жазғы сауықтыру кезеңінің жұмыс жоспары қаралып бекітілді. Басшылыққа алынатын негізгі нормативтік құжаттардың негізінде жазғы сауықтыру жұмыстарының жүргізілуін реттейтін локальді актілер, бөбекжай бұйрықтары шығарылды:

- жазғы сауықтыру кезеңінің жұмыс жоспарын бекіту;
- жазғы кезеңге күн тәртібін енгізу туралы;
- жазғы жұмыс жоспары бойынша жұмыс тобын ұйымдастыру туралы;
- жазғы мәзір бойынша балаларды тамақтандыруды ұйымдастыру туралы.
- Меңгеруші, медбике тарапынан қызметкерлерге балалардың денсаулығы мен өмірін қорғауды ұйымдастыру;
- балалар жарақатының алдын алу;
- улы саңырауқұлақтар мен өсімдіктерден уланудың алдын алу;
- жұмыс орнында еңбек және техника қауіпсіздігі талаптарын орындау;
- күн тию және ыстық өту кезінде алғашқы көмек көрсету;
- ішек инфекциясы мен тамақтан уланудың алдын-алу;
- МДҰ ауласында, гүлзарларда, бау-бақшада балаларды еңбекке баулу кезіндегі

қауіпсіздік ережелері, бұқаралық шараларды өткізу кезіндегі қауіпсіздік ережелері және пандемия кезіндегі шектеулерді сақтау туралы, спорттық жаттығулар, ойындар мен жарыстарды өткізу кезіндегі қауіпсіздік талаптары, алғашқы жедел көмек көрсету бойынша нұсқау өткізілді:

Әкімшілік – шаруашылық жұмыстары бойынша меңгеруші, шаруашылық меңгерушісі тарапынан ауланы дайындау, құм әкелу, жолда жүру ережесі бойынша, жүгіру жолдары, қимыл-қозғалыс және спорт ойындарына арналған белгілер салу, ойын алаңдарын дайындау, жаздық шатырларды тазалау, әрлеу, спорт алаңдарын дайындау, құрал-жабдықтарды жаңарту, толықтыру, қауіпсіздігін тексеру сынды жұмыстар жүргізілді.

«Алақай, жайдарлы жаз келді» тақырыбында жазғы-сауықтыру жұмыс жоспарының шеңберінде балалар бойында психо-эмоционалдық жағдай қалыптастыру, өз-өзіне қызмет ету дағдыларын, өзіне сенімділігін, дербестігін дамыту, денсаулығын күтуге үйрету, шынығуға жаттықтыру бойынша таза ауада спорттық ойындар, жарыстар, спорт жарыстары, эстафеталар, қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыруға арналған ситуациялық ойындар, спорт мерекелері, мерекелер мен ойын-сауықтар ұйымдастырылып, жұмыстар жүргізілді.

2-сұрақ бойынша 2025-2026 оқу жылында мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиелеу мен оқыту процесін ұйымдастыруда басшылыққа алынатын нормативті-құқықтық құжаттарымен таныстырылды

-Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы №137 қаулысымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі»;

-Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 «Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің Үлгілік қағидалары;

-Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті Стандарты;

-«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 23 қаңтардағы №12 бұйрығы;

-Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу

жоспарларын бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы

9 қыркүйектегі №394 бұйрығы;

-«Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 16 қаңтардағы №7 бұйрығы.

-Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» бұйрығымен (өзгерістер мен толықтырулар) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы. Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру мерзімі - 5 жыл, бір жас тобында - 1 жыл;

-Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 27 тамыздағы №382 «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 29 қазандағы №319 бұйрығы;

-2025-2026 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектептердің, лицейлер мен гимназиялардың мектепалды сыныптарында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хаты (ҚР ОАМ «Балаларды ерте дамыту институты» РММ ғылыми-әдістемелік кеңесінің шешімімен 2025 жылғы 24 маусымдағы №7 хаттамасы);

-«2025-2026 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хаты (Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының Ғылыми-әдістемелік кеңесі шешімімен 2025 жылғы 5 маусымдағы № 2 хаттамасы).

3-сұрақ бойынша әдіскер А.Е.Мергенбаева педагогикалық ұжымды 2025-2026 оқу жылына арналған бөбекжайдың жылдық жұмыс жоспарымен таныстырылды

А.Е.Мергенбаева 2025-2026 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық -Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» бұйрығымен (өзгерістер мен толықтырулар) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы. Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру мерзімі - 5 жыл, бір жас тобында - 1 жыл; негізінде құрылады, (2025-2026 оқу жылына арналған нұсқаулық хаттың 24.06.2025 жылғы №7 хаттама) Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы 2025-2026 оқу жылына арналған нұсқаулық хаттың 2-қосымшаға сай толтырылады және әр аптаның жұма күні әдіскермен бекітіледі. Циклограмманың ұйымдастырылған іс-әрекет бөлімінде мектепке дейінгі ұйымның кестесіне сәйкес жүргізілетін дене тәрбиесі, музыка ұйымдастырылған іс-әрекеттері толтырылады. Бұдан басқа ұйымдастырылған іс-әрекеттер түрлі балалар әрекеттері арқылы күні

бойы педагогтың шығармашылығы мен күн тәртібіне сәйкес толтырылады және іске асырылады. Циклограмма әр аптаға құрылады, ол балаларды қабылдаудан бастап, түрлі балалар әрекеттерін, серуенді өткізуді, күндізгі ұйқыны ұйымдастыруды, яғни балалардың үйге қайтуына дейін күн тәртібінің орындалуын қамтамасыз етеді. Циклограмманың құрылымы күн тәртібіне сәйкес құрылады. Циклограмманы жоспарлауға қойылатын талаптар: аптаның әрбір күніне Перспективалық жоспардағы ұйымдастырылған ісәрекеттердің міндеттеріне сәйкес балалармен өткізілетін әрекет түрлерін анықтау; әрбір әрекет түрлерін өткізуде бағдарлама мазмұнын жүйелілік пен сабақтастық қағидасын сақтай отырып беру; балаларды тәрбиелеу мен оқытуда инновациялық технологияларды, әдістер мен тәсілдерді қолдану; әрбір балалар әрекетін ұйымдастыру үшін жайлы заттық дамытушы ортаны (орталықтарға бөлу және оның балаларға қолжетімді болуын қарастыру, оның мүмкіндіктерін барынша қолдану) құру.

-Педагогикалық кеңес құрамымен таныстыру

-Топтарды бекіту бұйрығымен таныстыру:

-Ішкі ережемен таныстыру

-Шығармашылық топ мүшелерін таныстыру

-Еңбек өтілін санайтын мүшелі топ

-Техникалық қауіпсіздік нұсқаулықпен

-Бала өмірінің қауіпсіздік нұсқаулығы

-Әдістемелік кеңес мүшелерін бекіту

-Аттестаттаушы комиссия құрамымен таныстыру;

-ҰІӨ -нің кестесі; күн тәртібі

-Топтардың, жетекшілердің перспективалық жылдық жоспарлары;

-Отбасы ынтымақтастық жоспарларын бекіту;

4-сұрақ бойынша бөбекжай меңгерушісі А.Е.Мергенбаева 2025-2026 оқу жылы бала тізімдерін жасақтап, тәрбиешілерді топтарға бекітті.

Жас ерекшелігіне қарай 3 топ бар жасақталды. Соның 1 тобы аралас топ

1).Оқыту тілі қазақ тілінде жүргізілетін «Еркем-ай» кіші тобы (2 жастағы балалар)-1. Тәрбиешілер: Кеңес Ж.Қ., Ахметкалиева А.А.

2). Оқыту тілі қазақ тілінде жүргізілетін «Құлыншақ» ортаңғы тобы (3 жастағы балалар)-1. Тәрбиешілер: Шонаева Ә.С., Еснязова А.Е.

3). Оқыту тілі қазақ тілінде жүргізілетін «Айгөлек» аралас ересек мектепалды тобы (4-5 жастағы балалар)-1. Тәрбиешілер: Шонаева Ә.С., Сагидуллина Л.А.

5-сұрақ бойынша бөбекжай тәрбиешісі: А.Е.Еснязова Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы №726 қаулысында «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасын іске асыру бойынша мына мәселелерді қарастыру ұсынылады:

Педагог мамандығының мәртебесін көтеру және педагогикалық білім беруді жаңғырту.

Балалардың қауіпсіз әрі жайлы өмір сүру жағдайын жақсарту.

Білім алушылар, педагогтер мен білім беру ұйымы сапасын бағалау жүйесін жетілдіру.

Білім беру мен кәсіби даярлық сабақтастығын, үздіксіздігін қамтамасыз ету.

Білім алушылардың зияткерлік, рухани-адамгершілікті әрі физикалық дамуын қамтамасыз ету.

Білім беру ұйымының материалдық-техникалық базасы мен цифрлық инфрақұрылымын дамыту.

Ұлттық және отбасылық құндылықтарды дмытуға, бала тәрбиесіндегі отбасы рөлін арттыруға бағытталған «Құндылықтарға негізделген білім беру» жобасын іске асыру.

Шешімі:

1). Жазғы сауықтыру жұмысындағы міндеттердің орындалуы қанағаттанарлық деп танылсын;

2). 2025-2026 оқу жылы «Мариям А» бөбекжайы» тәрбиелеу мен оқыту үрдісі - Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті **Стандарты;**

- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 23 қаңтардағы №12 бұйрығын басшылыққа алынып жұмыстану.

3). 2025-2026 оқу жылы Мариям А» бөбекжайы ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары, тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы, баланың жеке даму картасы Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды даярлық сыныптарында 2025-2026 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектептердің, лицейлер мен гимназиялардың мектепалды сыныптарында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы **әдістемелік нұсқау хаты** (ҚР ОАМ «Балаларды ерте дамыту институты» РММ ғылыми-әдістемелік кеңесінің шешімімен 2025 жылғы 24 маусымдағы №7 хаттамасы);

4). «Мариям А» бөбекжайының 2025-2026 оқу жылының жылдық міндеттері, күн тәртібін, тәрбиешілердің жаңа оқу жылына арналған перспективалық жоспарлары бекітілсін.

5). 2025-2026 оқу жылына топтар бойынша балалар тізімі және педагогикалық кадрлар бекітілсін.

6). Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы №726 қаулысында «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасын іске асыру бойынша педагог мамандығының мәртебесін көтеру және педагогикалық білім беруді жаңғырту, балалардың қауіпсіз әрі жайлы өмір сүру жағдайын жақсарту, білім алушылар, педагогтер мен білім беру ұйымы сапасын бағалау жүйесін жетілдіру, білім беру мен

кәсіби даярлық сабақтастығын, үздіксіздігін қамтамасыз ету, білім алушылардың зияткерлік, рухани-адамгершілікті әрі физикалық дамуын қамтамасыз ету, білім беру ұйымының материалдық-техникалық базасы мен цифрлық инфрақұрылымын дамыту.

Педагогикалық кеңес төрағасы:  А.Е.Мергенбаева

Хатшы:  А.Е.Еснязова

№2 педагогикалық кеңес хаттамасы

Өтікізілген күні: «17» қараша 2025 жыл

Қатысқандар: 9 педагог

Тақырыбы: «Бөбекжайдағы шығармашылық орта-бала ойының еркіндігі»

Мақсаты: Бөбекжайда шығармашылық орта қалыптастырып, балалардың ойлау қабілеті мен қиялын дамытып, олардың өзін-өзі еркін әрі сенімді білдіруіне жағдай жасау. Шығармашылық орта балалардың жан-жақты дамуына, өз ойын еркін жеткізуіне, жаңа идеялар тудыруға ықпал ету.

Күн тәртібінде:

1. Өткен педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуына талдау жасау.
2. Шығармашылық ортаны ұйымдастыру.
3. «Шығармашылық ортаны құрудың инновациялық тәсілдері»:
-Өртүрлі материалдар мен технологияларды қолдану (экологиялық материалдар, цифрлық құралдар).
-Балаларға қауіпсіз әрі еркін эксперимент жасауға жағдай жасау.
4. Көрме: «Шығармашылық орта-бізде қалай ұйымдастырылған?»-топтар ұсынған фотоматериалдар.
5. Қолдау мен ынталандыру:
-Шығармашылық дамуға ата-аналардың қатысуын арттыру (Тапсырма: Ата-аналарға арналған шығармашылық іс-шаралар жоспарын құру).

Тыңдалды:

1. **Бірінші мәселе бойынша:** Бөбекжай әдіскері: А.Е.Мергенбаева өткен педагогикалық кеңесте қабылданған қаулылардың орындалу барысымен таныстырды. Жоспарланған іс-шаралардың уақытылы жүзеге асқанын, бекітілген міндеттердің орындалу деңгейін талдап өтті.
2. **Екінші мәселе бойынша:** Бөбекжай меңгерушісі: А.Е.Мергенбаева сөз сөйлеп, бөбекжайдағы шығармашылық ортаның маңыздылығына тоқталды. Баланың еркін ойлануы мен өзін-өзі дамытуына топтардағы заттық-дамытушылық ортаның тікелей әсер ететінін айтып, бұл бағыттағы жұмыстарды жүйелеуді ұсынды.
3. **Үшінші мәселе бойынша:** Тәрбиеші «Шығармашылық ортаны құрудың инновациялық тәсілдері» тақырыбында баяндама жасады. Ол өз сөзінде балалардың іс-әрекетінде экологиялық таза материалдарды (құм, ағаш, табиғи заттар) және заманауи цифрлық құралдарды тиімді кіріктіру жолдарын көрсетті. Сонымен қатар, балаларға қауіпсіз әрі еркін эксперимент жасауға жағдай жасау ерекшеліктерін түсіндірді.

4. Төртінші мәселе бойынша: Топ тәрбиешілері дайындаған «Шығармашылық орта – бізде қалай ұйымдастырылған?» атты фотокөрмені таныстырды. Әр жас ерекшелік тобы өздерінде ұйымдастырылған шығармашылық және зерттеу бұрыштарының фотоматериалдарын көрсетіп, ерекше идеяларымен бөлісті.

5. Бесінші мәселе бойынша: Әдіскер: А.Е.Мергенбаева баланың шығармашылық әлеуетін ашуда отбасының рөлі жоғары екенін атап өтті. Ата-аналарды балабақша өміріне белсенді тарту мақсатында әзірленген бірлескен шығармашылық іс-шаралар (шеберлік сыныптары, байқаулар, көрмелер) жоспарының жобасын ұсынды және талқылауға салды.

Педагогикалық кеңестің қаулысы:

1. Өткен педагогикалық кеңестің шешімдері мен қаулыларының орындалу барысы туралы талдау есепке алынсын және орындалды деп танылсын.
2. Бөбекжай топтарында балалардың жас ерекшеліктеріне сай, олардың өз ойын еркін білдіруіне мүмкіндік беретін шығармашылық аймақтар мен орталықтардың жабдықталуы заманауи талаптарға сай жаңартылсын.
3. Тәрбиелеу-білім беру процесінде экологиялық таза материалдар мен цифрлық құралдарды қолдану аясы кеңейтілсін. Эксперимент бұрыштарында балаларға еркін әрі қауіпсіз жағдай жасау тәрбиешілерге міндеттелсін.
4. «Шығармашылық орта – бізде қалай ұйымдастырылған?» атты фотокөрме қорытындысы бойынша ең үздік, инновациялық әдістемелік тәсілдер балабақшаның іс-тәжірибесіне енгізілсін.
5. Балалардың шығармашылық дамуына ата-аналардың қатысуын арттыру мақсатында әзірленген «Ата-аналарға арналған шығармашылық іс-шаралар жоспары» бекітілсін және оның кезең-кезеңімен сапалы орындалуы қамтамасыз етілсін.
6. Осы қаулының орындалуын бақылау бөбекжай әдіскеріне А.Е.Мергенбаеваға жүктелсін.

Педагогикалық кеңес төрағасы:

 А.Е.Мергенбаева

Хатшы:

 А.Е.Есниязова

№3 педагогикалық кеңес хаттамасы

Өткізілген күні: «20» қаңтар 2026 жыл

Қатысқандар: 9 педагог

Тақырыбы: «Шығармашылық – баланың еркін ойлауы мен өзіндік көзқарасының негізі»

Мақсаты: балаларға экологиялық тәрбие беруде бейнелеу өнеріне баулуда тәжірибе алмасу.

Күн тәртібінде:

1. Өткен педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуына талдау жасау.
2. «Шығармашылық-еркін ойлау мен тұлғалық дамудың бастауы» (Шығармашылықтың бала дамуындағы маңызы, зерттеулерге шолу, шығармашылық орта қалыптастыру жолдары).
3. «Менің шығармашыл тобым» тәжірибелік сәт.
 - 3.1. «Шығармашылық идеялар банкі» (әдіс-тәсілдер мен лайфхактарды талқылау).
4. «Қиял мен қолөнер әлемі: гипспен жұмыс жасау негіздері» шеберлік сыныбы.
5. Ата-анамен бірлескен шығармашылық жоба идеясы.

Тыңдалды:

1. Бірінші мәселе бойынша: Бөбекжай әдіскері А.Е.Мергенбаева өткен педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалу барысына тоқталды. Алдыңғы қаулыда көрсетілген тапсырмалардың мерзімінде және сапалы орындалғанын мәлімдеді.

2. Екінші мәселе бойынша: Тәрбиеші Л.А.Сагидуллина «Шығармашылық – еркін ойлау мен тұлғалық дамудың бастауы» тақырыбында баяндама жасады. Баяндамашы қазіргі заманғы ғылыми зерттеулерге шолу жасай отырып, шығармашылықтың бала тұлғасын қалыптастырудағы, оның өзіндік көзқарасын дамытудағы рөлін ашып көрсетті. Бөбекжайдағы экологиялық тәрбие мен бейнелеу өнерін ұштастыру арқылы шығармашылық орта құрудың тиімді жолдарын ұсынды.

3. Үшінші мәселе бойынша: «Менің шығармашыл тобым» атты тәжірибелік сәт өткізілді. Оның аясында **3.1. «Шығармашылық идеялар банкі»** ойыны ұйымдастырылды. Педагогтер кішкентай қағаздарға балалармен жұмыста қолданылатын қысқа әдістерді, экологиялық бағыттағы бейнелеу өнерінің лайфхактарын жазып, ортақ қорапқа салды. Соңында әр қатысушы кездейсоқ бір

парақшаны суырып алып, ондағы идеяны ортада қызу талқылады, өз іс-тәжірибелерімен бөлісті.

4. Төртінші мәселе бойынша: тәрбиеші Кеңес Ж.Қ. «Қиял мен қолөнер әлемі: гипспен жұмыс жасау негіздері» тақырыбында педагогтерге арналған шеберлік сыныбын жүргізді. Шеберлік сыныбы барысында гипспен жұмыс істеудің техникасы мен қауіпсіздік ережелері көрсетілді. Педагогтер гипстен түрлі фигуралар жасап, оларды экологиялық тақырыпта бояу арқылы балаларға бұл әдісті қалай үйрету керектігін іс жүзінде меңгерді.

5. Бесінші мәселе бойынша: әдіскер А.Е.Мергенбаева экологиялық тәрбиені отбасымен байланыстыру мақсатында «Ата-анамен бірлескен шығармашылық жоба» идеясын ортаға салды. Табиғи және қалдық материалдарды пайдалана отырып, ата-аналар мен балалардың үйде бірлесіп жасайтын туындылары мен көрмелерін ұйымдастыру жобасы талқыланды.

Шешімі:

1. Өткен педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы туралы есеп назарға алынып, толық орындалды деп танылсын.
2. Балаларға экологиялық тәрбие беруде бейнелеу өнерінің дәстүрден тыс әдіс-тәсілдерін қолдану және топтарда шығармашылық ортаны дамыту жұмыстары жүйелі түрде жалғастырылсын.
3. «Шығармашылық идеялар банкі» тәжірибелік сәтінде ортаға салынған тиімді әдістер мен лайфхактар педагогтердің күнделікті ұйымдастырылған іс-әрекеттерінде (ҰІӨ) қолданысқа енгізілсін.
4. Шеберлік сыныбында көрсетілген гипспен жұмыс жасау технологиясы балалардың қол моторикасы мен қиялын дамыту құралы ретінде үлкен және мектепалды топтардың бейнелеу іс-әрекетіне (қауіпсіздік ережелерін сақтай отырып) енгізілсін.
5. «Табиғатты аяла» бағытында әзірленген «Ата-анамен бірлескен шығармашылық жоба» жоспары бекітіліп, ағымдағы тоқсанда барлық жас ерекшелік топтарында іске асырылсын.
6. Осы қаулының орындалуын бақылау бөбекжай әдіскері А.Е.Мергенбаева жүктелсін.

Педагогикалық кеңес төрағасы:  А.Е.Мергенбаева

Хатшы:  А.Е.Есниязова

№4 педагогикалық кеңес хаттамасы

Өтікізілген күні: «16» сәуір 2026 жыл

Қатысқандар: 9 педагог

Тақырыбы: «Ұлттық құндылықтар арқылы баланың шығармашылық қабілетін дамыту»

Мақсаты: оқу-тәрбие жұмысында заманауи технологияны қолдануда тәжірибе алмасу, ұлттық құндылықтарды білім беру мазмұнына кіріктіру арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қабілеттері мен танымдық белсенділігін дамытудың тиімді жолдарын айқындау.

Күн тәртібінде:

1. Өткен педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуына талдау жасау.
2. «Заманауи технологияларды пайдалану арқылы ұйымдастырылған іс-әрекетінің тиімділігін арттыру».
3. «Ойын-баланы жан-жақты дамыту құралы».
4. Шығармашылық шеберхана: «Ұлттық материалдармен шабыт» (Ұлттық нақыштағы заттар арқылы 5 минут ішінде 3-5 жасқа арналған шығармашылық тапсырма құрастыру).
5. «Ұлттық құндылық – менің тобымда» (мини-көрме, фотоколлаж көрсету).

Тыңдалды:

1. Бірінші мәселе бойынша: бөбекжай әдіскері А.Е.Мергенбаева өткен педагогикалық кеңес қаулыларының орындалу барысын талдады. Барлық шешімдер мен тапсырмалардың уақытылы және толық деңгейде жүзеге асырылғанын хабарлады.

2. Екінші мәселе бойынша: Тәрбиеші Сагидуллина Л.А. «Заманауи технологияларды пайдалану арқылы ұйымдастырылған іс-әрекетінің тиімділігін арттыру» тақырыбында баяндама жасады. Ол өз сөзінде интерактивті тақта, мультимедиялық құралдар мен дамытушылық бағдарламаларды ұлттық мазмұнмен (ертегілер, мақал-мәтелдер, аңыз әңгімелер) ұштастыру арқылы балалардың танымдық белсенділігін қалай арттыруға болатынын іс-тәжірибесімен бөлісе отырып түсіндірді.

3. Үшінші мәселе бойынша: Педагог-психолог Жанғалиева Г.А. «Ойын-баланы жан-жақты дамыту құралы» бағытында сөз сөйледі. Бала өміріндегі ойынның маңызына, әсіресе ұлттық қимыл-қозғалыс және дидактикалық ойындардың баланың тілін, ойлау жүйесін және ұлттық мінез-құлқын қалыптастырудағы рөліне тоқталды.

4. Төртінші мәселе бойынша: Педагогтердің қатысуымен «Ұлттық материалдармен шабыт» атты шығармашылық шеберхана ұйымдастырылды. Педагогтерге ұлттық нақыштағы заттар (ою-өрнек, ши, қамшы, тұмар, домбыра т.б.) үлестіріліп, практикалық тапсырма берілді. Қатысушылар 5 минут ішінде 3-5 жастағы балаларға арналған мүсіндеу, сурет салу, жапсыру, ән, би және рөлдік ойын элементтері қамтылған ерекше шығармашылық тапсырмалар құрастырып, оны ортада қорғап шықты.

5. Бесінші мәселе бойынша: Топ тәрбиешілері «Ұлттық құндылық-менің тобымда» атты мини-көрме мен фотоколлаждар сериясын ұсынды. Көрмеде әр топтың заттық-дамытушылық ортасында ұлттық құндылықтардың қалай көрініс тапқаны, балалардың ұлттық ойыншықтармен, бұрыштармен жұмыс жасау сәттері бейнеленген фотоматериалдар көрсетілді.

Педагогикалық кеңестің Қаулысы:

1. Өткен педагогикалық кеңестің шешімдері мен қаулыларының орындалу барысы туралы есеп назарға алынып, толық орындалды деп танылсын.
2. Ұйымдастырылған іс-әрекеттерде (ҮІӨ) заманауи ИКТ технологияларын қолдану барысында ұлттық білім беру мазмұны мен құндылықтарды кіріктіру жұмыстары барлық топтарда міндетті түрде жүзеге асырылсын.
3. Ұлттық ойындар мен дәстүрлі емес дамытушы ойын элементтері балабақшаның күн тәртібіне (серуенде, топтық жұмыстарда) кеңінен енгізілсін.
4. «Ұлттық материалдармен шабыт» шығармашылық шеберханасында педагогтер құрастырған 3-5 жасқа арналған шығармашылық тапсырмалар жинақталып, әдістемелік құрал ретінде балабақшаның іс-тәжірибесінде қолданылсын.
5. «Ұлттық құндылық-менің тобымда» мини-көрмесі мен фотоколлаждар арқылы анықталған үздік топтық жабдықтау идеялары мен ұлттық бұрыштарды безендіру үлгілері негізге алынып, топтардағы ұлттық тәрбие беру ортасы одан әрі байытылсын.
6. Осы қаулының орындалуын бақылау бөбекжай әдіскері А.Е.Мергенбаева жүктелсін.

Педагогикалық кеңес төрағасы:  А.Е.Мергенбаева

Хатшы:  А.Е.Есниязова

№5 педагогикалық кеңес хаттамасы

Өтікізілген күні: «29» мамыр 2026 жыл

Қатысқандар: 9 педагог

Тақырыбы: «2025–2026 оқу жылының оқу-тәрбие жұмысының қорытындысы және жазғы сауықтыру кезеңіне көшу»

Мақсаты: Оқу жылы бойында атқарылған тәрбиелеу-білім беру процесінің нәтижелерін саралау, бөбекжайдың өзін-өзі бағалау қорытындысын талдау және жазғы сауықтыру-шынықтыру кезеңінің жұмыстарын жоспарлау.

Күн тәртібінде:

1. 2025-2026 оқу жылына жүргізілген өзін-өзі бағалау есебі, оқу жылының қорытындысы.
2. Топ тәрбиешілерінің оқу жылы бойынша қорытынды есебі.
3. Жазғы сауықтыру кезеңін ұйымдастыру туралы бұйрықпен таныстыру.
4. Жазғы шынықтыру шаралары мен ұйымдастыру жұмысының жоспарын таныстыру, талқылау.
- 4.1. Бөбекжайдың күн тәртібін және ұйымдастырылған іс-әрекет кестесін жазғы кезеңге ауыстыру, бекіту.
5. Ересек топтарын кешенді бақылау анықтамасы.
6. 2025-2026 оқу жылы жетістіктері бойынша педагогтер мен топтарды марапаттау.

Тыңдалды:

1. Бірінші мәселе бойынша: Бөбекжай меңгерушісі: А.Е.Мергенбаева 2025-2026 оқу жылына жүргізілген өзін-өзі бағалау есебінің қорытындысын оқыды. Бөбекжайдың материалдық-техникалық базасы, кадрлық әлеуеті, білім беру мазмұнының ҚР МЖМБС талаптарына сәйкестігі сарапталғанын, бағалау нәтижесі бойынша мекеме жұмысының көрсеткіштері жоғары деңгейде екенін атап өтті.

2. Екінші мәселе бойынша: Топ тәрбиешілері «Еркем-ай» кіші тобының тәрбиешілері: Кеңес Ж.Қ., Ахметкалиева А.А. «Кұлыншақ» ортаңғы тобының тәрбиешілері: Шонаева Ә.С., Есниязова А.Е., «Айгөлек» аралас ересек мектепалды тобының тәрбиешілері: Шонаева Ә.С., Сагидуллина Л.А 2025-2026 оқу жылындағы балалардың даму мониторингінің қорытындысы, меңгерген дағдылары мен жетістіктері туралы есеп берді. Жыл ішінде балалармен жүргізілген тәрбиелік шаралар мен ашық іс-әрекеттердің нәтижелері сараланды.

3. Үшінші мәселе бойынша: Меңгеруші: А.Е.Мергенбаева жазғы сауықтыру кезеңіне көшуге байланысты шыққан бөбекжайдың ішкі бұйрығымен педагогтерді таныстырды. Бұйрық бойынша жазғы кезеңдегі қауіпсіздік ережелері, санитарлық-гигиеналық талаптар және жауапты тұлғалар нақтыланды.

4. Төртінші мәселе бойынша: Әдіскер: А.Е.Мергенбаева жазғы шынықтыру шаралары мен ұйымдастыру жұмысының жоспар жобасын ортаға салды. Жаз

айларында балалардың таза ауада көп болуы, спорттық, сауықтыру және танымдық ойындардың басымдыққа ие болатынын айтты.

4.1-кіші мәселе бойынша: Жазғы кезеңде балалардың ағзасын шынықтыру мақсатында дайындалған бөбекжайдың жаңа күн тәртібі мен жеңілдетілген ұйымдастырылған іс-әрекет (ҮІӨ) кестесінің жобасы талқыланды.

5. Бесінші мәселе бойынша: Әдіскер ересек топтарында жүргізілген кешенді бақылау жұмыстарының анықтамасын оқыды. Бақылау барысында балалардың мектепке даярлық деңгейі, психологиялық дайындығы, ересек топ педагогтерінің оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыру шеберлігі талданып, оң нәтижелер мен кейбір кемшіліктер атап көрсетілді.

6. Алтыншы мәселе бойынша: Меңгеруші: А.Е.Мергенбаева 2025-2026 оқу жылында жоғары жетістіктерге жеткен, аудандық, қалалық байқауларда жүлделі орындар алған және бөбекжай өміріне белсене араласқан үздік педагогтер мен шығармашыл топтарды марапаттау рәсімін өткізіп, Алғыс хаттар мен грамоталар табыстады.

Педагогикалық кеңестің Қаулысы:

1. 2025-2026 оқу жылына жүргізілген бөбекжайдың өзін-өзі бағалау есебі мақұлданысын және оқу жылының қорытынды жұмысы «қанағаттанарлық» деп танылсын.
2. Топ тәрбиешілерінің қорытынды есептері назарға алынып, балалардың жас ерекшелігіне сай даму деңгейін бақылаудағы мониторингтік көрсеткіштер бекітілсін.
3. Жазғы сауықтыру кезеңін ұйымдастыру туралы бұйрық талаптары және балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау қауіпсіздік ережелері барлық қызметкерлер тарапынан қатаң сақталсын.
4. Жазғы шынықтыру шаралары мен ұйымдастыру жұмысының жоспары, сондай-ақ жазғы кезеңге арналған бөбекжайдың күн тәртібі мен ұйымдастырылған іс-әрекет (ҮІӨ) кестесі бекітіліп, 1 маусымнан бастап қолданысқа енгізілсін.
5. Ересек топтарын кешенді бақылау анықтамасы бойынша берілген ұсыныстар негізге алынып, балаларды мектепке даярлау сапасын одан әрі арттыру жұмыстары бақылауда ұсталсын.
6. Оқу жылында жоғары кәсіби шеберлік танытқан педагогтер мен үздік топтардың жетістіктері ескеріліп, марапаттаулары бекітілсін.
7. Осы қаулының орындалуын бақылау бөбекжай әдіскеріне А.Е.Мергенбаеваға жүктелсін.

Педагогикалық кеңес төрағасы:  А.Е.Мергенбаева

Хатшы:  А.Е.Есниязова